

Мамандық бойынша тест: 2-пән 2001

1. Біртектіліктің статистикалық критерийлерінің қазіргі уақытта жасалған:

- A) Үздіксіз кездейсоқ шамаларға
- B) Симметриялы үлестірілген кездейсоқ шамаларға
- C) Қатараралық байланысты кездейсоқ шамаларға
- D) Дискретті кездейсоқ шамаларға
- E) Қатараралық байланыссыз кездейсоқ шамаларға
- F) Асимметриялы үлестірілген кездейсоқ шамаларға
- G) Қатарішілік байланысты кездейсоқ шамаларға
- H) Қатарішілік байланыссыз кездейсоқ шамаларға

2. Корреляциялық талдаудың мақсаты:

- A) Регрессия функциясын анықтау
- B) Тәуелді айнымалының мәнін болжау
- C) Байланыстың түрін табу
- D) Екі және одан артық құбылыстардың байланысының дәрежесін өлшеу
- E) Қорытынды белгіге үлкен әсер ететін факторларды талдап алу
- F) Себепті байланыстың маңызын ашу
- G) Есептік дәлділігін бағалау
- H) Белгісіз себепті байланысты байқау

3. Кездейсоқ шама жағдайының сипаттамасы:

- A) Математикалық күтім
- B) Асимметрия коэффициенті
- C) Автокорреляция коэффициенті
- D) Медиана
- E) Дисперсия
- F) Вариация коэффициенті
- G) Экцесса
- H) Мода

4. Біртекті емес таңдамалармен қамтамасыздық қисығы тұрғызылады:

- A) Бақылау бекеті өзгергенде
- B) Өзен арнасында қарқынды жұмыстар жүргізілгенде
- C) Байқалған қатарда кенеттен ауытқыған мәндер болғанда
- D) Алапта қарқынды шаруашылық жұмыстар жүргізілгенде
- E) Қатараралық біртектілік болмағанда
- F) Қатарішілік біртектілік болмағанда
- G) Физикалық - географиялық жағдай өзгергенде
- H) Байқалған қатарда нөлге тең мәндер болғанда

5. Қос корреляция әдісін қолдану шарттары:

- A) Құрылатын қатарлар арасындағы байланыс қисық сызықты болуы керек
- B) Қатараралық байланыс біртекті болуы керек
- C) Салыстырмалы айнымалылар асимметрия заңына бағынуы тиіс
- D) Құрылатын қатарлар арасындағы байланыс сызықты болуы керек
- E) Шартты дисперсияның мәні Y мына жағдайда X айнымалы болуы керек
- F) Ауытқу $\tau_i = \hat{y} - y$ өзара тәуелді болуы керек
- G) Салыстырмалы айнымалылар қалыпты заңға бағынуы тиіс
- H) Қатараралық байланыс біртекті болмауы керек

6. Екі қатардың орта мәндері біртекті емес ($t_{5\%} = 2,40$):

- A) $t = 2,45$
- B) $t = 2,90$
- C) $t = 1,85$
- D) $t = 0,95$
- E) $t = 2,85$
- F) $t = 2,32$
- G) $t = 1,75$
- H) $t = 2,10$

7. Стьюденттің берілген статистикасы бойынша ($t_{20,5\%} = 2,09$) екі айнымалы қатардың арасындағы байланыс бар жағдай:

- A) $t = 1,71$
- B) $t = 6,58$
- C) $t = 3,5$
- D) $t = 1,75$
- E) $t = 1,85$
- F) $t = 4,51$
- G) $t = 0,95$
- H) $t = 2,01$

8. Шарт $C_s \geq 2C_v$ үлестірім заңына сәйкес:

- A) Крицкий – Менкельдің гамма үлестірімі
- B) Шарлье үлестірімі
- C) Қалыпты логарифмдық үлестірім
- D) Вейбулл үлестірімі
- E) Пуассон үлестірімі
- F) Гумбель үлестірімі
- G) Пирсон қисығының III типі
- H) Қалыпты үлестірім заңы

9. Жиынтық корреляцияның мәнділігін Фишердің статистикасымен бағалау үшін керек мәліметтер:

- A) Бақыланған жылдар саны
- B) Вариация коэффициенті
- C) Детерминация коэффициенті
- D) Факторлар саны
- E) Көптік корреляция коэффициенті
- F) Жұп корреляция коэффициенті
- G) Регрессия коэффициенті
- H) Регрессия теңдеуінің бос мүшесі

10. Жиынтық корреляцияның қолданылуының негізгі шарттары:

- A) Салыстырмалы айнымалылар қалыпты үлестірім заңына сәйкес болуы қажет
- B) Предиктант қатармен предиктор қатарының арасындағы байланыс сызықты болуға тиіс
- C) Салыстырмалы айнымалылар асимметрия үлестірім заңына сәйкес болу қажет
- D) Табылған байланыс тұрақты болуға тиіс
- E) Табылған байланыс тұрақты болмау керек
- F) Предикторлар қатарының арасындағы корреляция жоғары болу тиіс
- G) Предикторлар қатарының арасында байланыс болу тиіс
- H) Предиктант қатармен предиктор қатарының арасындағы байланыс қисық сызықты болуға тиіс